

«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» КММ
«Шал ақын ауданының білім бөлімі» КММ
«Кеңес орта мектебі» КММ

Педагог-психолог жұмысының жылдық аналитикалық есебі

Педагог-психолог: Мухамедина Қ.М.

2022-2023 оқу жылы

Мақсаты: білім алушылардың психологиялық денсалығын сақтау, орта білім ұйымдарында әлеуметтік-психологиялық ахуал жасау және білім беру процессіне қатысшыларға психологиялық қолдау көрсету.

2022-2023 оқу жылында жылдық жоспар жұмысы құрылды. Жоспар бойынша қыркүйек айының бірінші жұмасында оқушылар туралы мәлімет жинақталып, әлеуметтік педагогпен сыныптың әлеуметтік картасы жасалды. Мектеп бойынша 57 оқушы тіркеліп, оның ішінде **«Уақытша отбасы»** жобасы аясында 12 бала тәрбиеленуде.

Психологиялық карта жасалды. Мектеп алды даярлық топ оқушыларының тізімдері жинақталып, топ балаларымен танысып, мектеп ережесіне қалыптасуын және ортамен қарым-қатынасы келген оқушыларға психологиялық карта жасалды. Сыныптың әлеуметтік құрылымын анықтау барысында (социометрия әдістемесі) ұсынылды.

Мектеп табалдырығын жаңадан аттаған 1-сынып оқушыларына қызықты сұрақтар қою арқылы таным процестері зерттелді. Оқушылардың басым бөлігі мектептің оқушылары болғандықтан олармен тіл табысу қиын болған жоқ.

Жасөспірімдер арасындағы аутодеструктивтік мінез-құлыққа тән күйзеліс, жабырқаушылық, өз-өзіне сенімсіздік, өзіндік бағаның төмендігі сияқты қасиеттермен түзету (коррекциялық) жұмысын жасау мақсатында психологиялық тренингтерді әр сыныппен, мұғалімдермен, ата-аналармен жүргізілді. Семинар және әдістемелік–нұсқаулық жиналыстар арқылы баяндалды. **Диагностика жүргізілді.**

Темперамент анықтау тесті, жабығу күйінде жүрген жасөспірімдермен жұмыс «Айзенк сұрақнамасы», «Сіздің отбасыңыздағы орныңыз» проективті әдістеме (А.Ассингер), «Суицид тәуекелінің картасы» әдісі (Л.Б. Шнейдер), «Тал» әдістемесі Л.Н.Пономоренконың тесті, Үрей деңгейін анықтау әдістемесі/Тейлор шкаласы бойынша/, «Суицидалды адамдарды зерттеу сызбасы», «Басса –Даркидің эмоциялық тесті», «Стреске бейімділік деңгейін анықтау» әдістемесі жүргізілді.

Психологиялық диагностика үшін талаптарды қанағаттандыратын диагностикалық әдістердің жиынтығы болды және қиындықтарды бөліп, себептерін анықтауға мүмкіндік берді. Бұл, өз кезегінде, одан әрі даму және консультациялық жұмыстарды жоспарлауға, сондай-ақ қиындықтарды жеңу бойынша ұсынымдар жасауға мүмкіндік берді.

Қорытынды. Жүргізілген диагностикалық жұмыстарды бағалау, қолда бар техника және өз кәсіби білімі оқушылардың әртүрлі мәселелерін нақты және толық анықтауға мүмкіндік береді деп қорытынды жасауға болады. Дегенмен, болашақта диагностикалық әдістерді диагностикалаудың тиімділігін арттыру үшін толықтырулар қажет.

Түзету-дамыту бағыты

Оқу-тәрбие жоспар негізінде мектепте 1-ші сынып оқушыларының мектепке бейімделгенін анықтау үшін Қыркүйек айында диагностикалық бағыты бойынша оқушылардың психологиялық жеке картасын дайындаудан басталды. Сұраныс бойынша жекелеген оқушылардың әлеуметтік жағдайлары зерттелді. Мектеп қабырғасына қабылданған 1-сынып оқушыларын мектепке бейімделу жағдайын анықтау үшін зерделеу жұмыстары жүргізілді.

Түзетушілік-дамытушылық бағыт бойынша жоспарға сай барлық жоспарланған іс-шаралар өткізілді.

Жылдық жұмысты *қорытындылай келе*, келесі оқу жылына мұғалімдер тобымен жүргізілетін дамытушылық жұмыстарды жоспарға көбірек енгізу мақсатым.

Онымен қоса оқушылардың жаңа ортаға, мұғалімдер мен жаңа пәндерге толық бейімделгендігін көруге болады. Мұғалімдермен қарым-қатынас жасаудағы қорқыныш сезімі-мұғалімдермен қарым-қатынас жасауға қорқатынымен байланысты мәселелер, туындамады мұғалімдердің басым көпшілігімен қарым-қатынас жақсы. Оқушылардың теріс эмоция туғызылған жоқ. Оқушылар тарапынан эмоциялары немесе олақтығымен байланысты жағымсыз эмоционалдық күйзеліс туындаған жоқ.

Консультациялық бағыт

Жалпы 2022-2023 оқу жылында **жалпы 42** жеке консуьтация берілді. Соның ішінде оқушыларға 38, ата-аналарға 4, мұғалімдерге 0.

Ата-аналардың консультацияға жүгінген мәселелерінің тақырыптары:

- Жасөспірім баланың мінез-құлқысының өзгеру ерекшеліктері;
- Жасөспірім оқушының сыныптастарымен қарым-қатынасы;
- Мектепке дейінгі жастағы баланың зейінің арттыру жолдары;
- Баланың 1-сыныпқа психологиялық дайындығы.

Оқушылар тарапынан көбінесе жеке сұраныстары бойынша консультация жүгізілді. Кей кезде ата-ана сұранысы, мұғалімдер тарапынан сұраныстар да болды. Оқушыларға өткізген жеке консультациялардың тақырыптары:

- Жаңа мектепке, жаңа сыныпқа сіңісуі;
- Сыныптастарымен қарым-қатынасы;
- ҰБТ дайындық бойынша сұрақтар;
- ББЖМ кезіндегі психологиялық көмек;
- Әкесі өмірден өткен балаға психологиялық қолдау, сыныптастарымен қарым-қатынасы;
- Есте сақтау, зейіді арттыру бойынша ақыл-кеңестер;

- «Уақытша отбасына» сіңісуі, үйренуі бойынша психологиялы қолдау т.б.

Консультация барысында проблеманы және оның себептерін диагностикалау, негізінен проективтік әдістерді, диагностикалық сұхбат пен байқауды қолдану арқылы жүргізілді.

Жылдық жұмысты қорытындылай келе келесі оқу жылына мұғалімдер тобына да жеке консультация өткізуге көңіл бөлу керек.

Профилактика және психологиялық ағарту бағыты

Бұл қызмет келесі тақырыптар аясында жүзеге асырылды.

- «Мен өмірді таңдаймын» 1-11 сыныптар;
- Интернеттегі қауіпсіздік 1-11 сыныптар;
- «Зиянды әдеттер» 9-11 сыныптар;
- Жасөспірімдердің психологиялық және физикалық денсаулығын нығайту, өзін-өзі бұзатын мінез-құлықтың алдын алу;
- Жасөспірімдердің психологиялық және физикалық денсаулығын нығайту, өзін-өзі бұзатын мінез-құлықтың алдын алуы;
- Мектептегі буллингтің алдын алу;
- Кәмелетке толмағандар арасындағы жыныстық қол сұғылмаушылықтың, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың және балаларға қатыгездікпен қараудың алдын алу;
- Жасөспірімдерге емтиханға дайындалуға психологиялық қолдау т.б.
- 9-11 сынып оқушыларының кәсіби өзін-өзі анықтау және білім беру мекемелерін іріктеу мәселелері бойынша топтық және жеке білім беру кеңестері.

Қорытынды. Білім беру қызметін жүзеге асыру сапалы және табысты деп санауға болады. Сонымен қатар, келесі сұрақтарға келесі оқу жылында назар аудару керек: емтихан, сынақ кездеріндегі өзі-өзі ұстау ережелері сияқты оқушыларға «памяткалар» ұсыну.

Ұйымдастыру-әдістемелік жұмыс

Әдістемелік жұмыс келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

1. Даму, түзету және білім беру бағдарламаларын әзірлеу.
2. Диагностикалық нәтижелерді өңдеу және талдау, оқушыларға, мұғалімдерге және ата-аналарға ұсыныстар дайындау

3. Балаларды дамыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша әдебиеттерді талдау

4. Мұғалім-психологтың құжаттамасын рәсімдеу

Қорытынды. Өткен кезеңдегі әдістемелік жұмыс өте жемісті деп бағалануы мүмкін. Болашақта, іс-әрекеттерді талдау негізінде, қолданыстағы бағдарламаларды жетілдіру және білім беру процесіне қатысушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жаңаларын әзірлеу қажет. Сонымен қатар, педагогикалық кадрлармен өзара әрекеттесу бағдарламаларын және мотивациясы жоғары балалармен жұмыс істеу жоспарын дамытуға көбірек назар аудару қажет.

1-сынып оқушыларының мектепке бейімделуі бойынша аналитикалық есебі

Мақсаты: 1-сынып оқушыларының мектепке бейімделу деңгейін анықтау

Оқушылар саны: 3

Әдістеме атауы:

- Мектептегі оқуға дайындық деңгейін анықтау тесті (Керн-Йерасек тесті)
- «Баспалдақ» әдістемесі (баланың өзін-өзі бағалау деңгейін анықтау)
- «Не артық?» әдістемесі
- «Қисынсыздарды тап» әдістемесі (Баланың байқағыштығын, логикалық ойлауын және өз ойын грамматикалық дұрыс құра білу іскерлігін дамыту)
- «10 сөзді жаттау» әдістемесі (Баланың сөздерді ырықты есте сақтауын анықтау)
- **Әдістеме атауы:** Керн Иерасек әдістемесі (балалардың танымдық қызметін тексеру)
- **Мақсаты:** Керн-Иерасек тесті баланың мектепке қажетті функциялары қаншалықты қалыптасқанын тез анықтауға мүмкіндік береді: сөйлеу, ақыл-ой дамуы, оқу тапсырмасын орындау қабілеті, бейнелеу дағдылары.

Оқу жылының барысында оқушылардан әдістемелер алынды. Нәтижесі төменгідей:

Әдістеме атауы: Керн Иерасек әдістемесі (балалардың танымдық қызметін тексеру)

Мақсаты: Керн-Иарасек тесті баланың мектепке қажетті функциялары қаншалықты қалыптасқанын тез анықтауға мүмкіндік береді: сөйлеу, ақыл-ой дамуы, оқу тапсырмасын орындау қабілеті, бейнелеу дағдылары.

Аты-жөні	«Ер адамның суретін салу»	«Әріптерді көшіріп салу»	«Бір топ нүктелерді көшіріп салу»	Нәтиже
ХА	9	8	8	25
СН	7	6	8	21
ҒА	8	8	9	25

Қорытынды:

Мектепке даярлығы жақсы –ХА, СН, ҒА

Мектепке даярлығы орташа –жоқ

Мектепке даярлығы қанағаттанарлық –жоқ

Әдістеме атауы: «Баспалдақ» әдістемесі (құрастырушы в. г. Щур)

Мақсаты: Өзін-өзі бағалаудың даму деңгейін анықтау.

Біз балаға баспалдақты көрсетеміз және ең төменгі сатыда ең жаман ұлдар мен қыздар бар деп айтамыз.Екіншісінде-сәл жақсы, бірақ жоғарғы сатыда-ең жақсы, мейірімді және ақылды ұлдар мен қыздар.

Аты-жөні	Балл	Нәтиже
ХА	8	бағалаудың жоғары деңгейі
СН	7	өзін-өзі бағалаудың орташа деңгейі
ҒА	10	бағалаудың жоғары деңгейі

Әдістеме атауы: : «Не артық?»

Мақсаты: Балалардың ойлауын дамыту

Нұсқау: «Әр қатарда қай зат артық? Әртүрлі нұсқаны ата және таңдауыңды түсіндір.

Аты-жөні	Ұпайы	Нәтиже
----------	-------	--------

ХА	4	орташа
СН	3	орташа
ҒА	5	жоғары

Әдістеме атауы: «10 сөзді жаттау» әдістемесі

Мақсаты: Баланың сөздерді ырықты есте сақтауын анықтау

Нұсқау: «Балалар, мен қазір сендерге бірнеше сөздерді айтамын. Оларды мұқият тыңдап, есте сақтап қалуға тырысыңдар. Мен оқып болғаннан соң сендер олардың ішінен естеріңде қалғандарын қайталап айтасыңдар».

Орындау уақыты 7-8 минут.

Аты-жөні	Бір рет оқығанда	Бес рет қайталағанда	Нәтиже
ХА	5	8	Орта деңгей
СН	3	5	Орта деңгей
ҒА	4	6	Орта деңгей

Әдістеме атауы: «Қисынсыздарды тап»

Мақсаты: Баланың байқағыштығын, логикалық ойлауын және өз ойын грамматикалық дұрыс құра білу іскерлігін дамыту

Аты-жөні	Ұпай	Нәтиже
ХА	8	жоғары
СН	7	орташа
ҒА	9	жоғары

1-сынып ата-аналар жиналысында оқушылардың 1-сыныпқа бейімделуі туралы ақпарат берілді. Жиналыс барысында ата-аналардан суалнама алынып, кеңестер ұсынылды. Сонымен қоса сынып жетекшісіне де кеңестер ұсынылды.

Ата - аналарға ұсыныс:

1. Баланы жайлап оятыңыз: оянғанда ол сіздің күлімдегеніңізді көріп, еркелеткен дауысыңызды естісін. Таң атпай оны ұсақ - түйекпен асықтырмаңыз, кеше ескерткен болсаңыз да, қателіктері мен жаңсақтықтары үшін кінәламаңыз.
2. Баланы мектепке таңғы ассыз жібермеңіз: мектептегі тамақтануға дейін оған көп жұмыс істеу керек болады.
3. Қоштасарда ескерту, ақыл айтыңыз: тентек болма, өзіңді жақсы ұста, бүгін

жаман бағалар болмасын және т. б. Балаға сәттілік тілеңіз.

4. БҮГІН ҚАНДАЙ БАҒА АЛДЫҢ деген сөзді ұмытыңыз. Мектептен кейін баланы байыпты қарсы алыңыз, оған көп сұрақтар қоймаңыз, босаңсуға мүмкіндік беріңіз.

5. Егер балаңыздың ренжулі, бірақ үндемейтінін байқасаңыз, сұрап қинамаңыз, саябырланған соң өзі айтады.

6. Мұғалімнің ескертуін ести сала, ұрсысуға асықпаңыз, мұғаліммен баланың қатысуынсыз сөйлесуге тырысыңыз.

7. Мектептен келе балаға сабақ орындауға асықтырмаңыз, күш жинауға 2 - 3 сағат қажет (1 сыныпта 1, 5 сағат ұйықтап алғаны жақсы). Сабақ дайындауға тиімді уақыт - 15 - 17 сағат аралығында.

8. Бір отырғаннан барлық сабақты орындатпаңыз, 15 - 20 минут сабақтан кейін 10 - 15 минут үзіліс қажет.

9. Сабақ орындағанда үстінен төніп тұрмаңыз, өзіне жұмыс істеуге мүмкіндік беріңіз, бірақ сіздің көмегіңіз керек болғанда сабырлық сақтаңыз. Байыпты сөйлеп, қолдау, мақтау қажет.

10. Баланың бас ауруына, шаршауына, көңіл - күйінің нашарлауына шағымданса, назар салыңыз. Бұл көбінде қажудың, сабақтағы қиналудың басты көрсеткіштері болады.

5-сынып оқушыларының мектепке бейімделуі бойынша аналитикалық есебі

Мақсаты: 5-сынып оқушыларының мектепке бейімделу деңгейін анықтау

Оқушылар саны: 5

5-сынып балаларының бейімделуін зерттеу үшін келесі әдістер мен тәсілдер қолданылды:

- Филлипстің мектептегі мазасыздану тесті;
- «Мектепке мотивация деңгейін бағалау» Н.Лусканова;
- «Социометрия» әдісі Дж. Морено;
- «Мектептегі сезімдерім» тесті.

1) 5-сыныптағы бейімделу деңгейін диагностикалау 2022 жылдың бірінші жартыжылдығында жүргізілді.

Балаларға Philips мектептегі мазасыздық деңгейін зерттеу үшін тестілік сауалнама ұсынылды. Сауалнама 8 факторға бөлінген, және 58 сұрақтан тұрады. Тестті педагог психолог дауыстап оқыды, балалар сол бойынша жазбаша жауап берді.

Нәтижесінде:

Мектептегі жалпы мазасыздық-40% (2оқушы)

Әлеуметтік стресті ұйымдастыру -40% (2оқушы)

Қажеттілікті өтеудегі сәтсіздік кедергілері - 80% (4оқушы)
Үрейдің көрінісі - 40% (2оқушы)
Білімді тексеру үстіндегі үрей - 40% (2оқушы)
Айналасы күткен нәтижеден үрейлену - 20% (1оқушы)
Физиологиялық тұрғыдан қарсыласудың төменгі табалдырығы - 0%
(0оқушы)

Әрбір синдромға сипаттама (факторға) сипаттама

1. Мектептегі жалпы мазасыздық –бұл баланың жалпы эмоционалдық жағдайы мектеп өміріндегі әр түрлі жағдайлармен байланысты формасы.
2. Әлеуметтік стресті ұйымдастыру – баланың эмоционалдық жағдайы қоршаған ортамен әлеуметтік байланыстың дамуы.
3. Қажеттілікті өтеудегі сәтсіздік кедергілері қолайсыз психикалық жағдай, жоғары сәттілікке жетуге өзінің мүмкіндігін дамыта алуы.
4. Үрейдің көрінісі – ситуацияны жағымсыз эмоцияда уайымдау кездескен қажетті жағдайда өз мүмкіндігін көрсете алмау.
5. Білімді тексеру үстіндегі үрей-тексеру жағдайындағы үрейлену білімі жетістігі, мүмкіндігі.
6. Айналасы күткен нәтижеден үйрену –айналасындағы адамдардан жағымсыз баға алу қорқынышы.
7. Стреске физиологиялық тұрғыдан қарсыласудың төменгі табалдырығы – төменгі табалдырықтың психофизиологиялық ерекшілікке байланысты.
8. Мұғаліммен қарым –қатынасындағы үрейлену мәселесі – мектепке үлкендермен жалпы жағымсыз эмоционалдық қарым- қатынасы баланың оқу үлгерімінің төмендеуі.

2) Оқушылардың оқу мотивациясы деңгейін бағалау мақсатында «Мектепке мотивация деңгейін бағалау» атты Н.Лусканова әдістемесі қолданылды. Нәтижесінде 100% (5 оқушы) жоғары деңгейді көрсетті.

Жоғары деңгей - оқушының мектепке қатынасы оң; берілген талаптарды адекватты қабылдайды; оқу материалдарын оңай меңгереді; мәліметтерді толық игерген; мұғалімнің айтқандарын мұқият тыңдайды; тапсырмаларды сыртқы бақылаусыз-ақ орындайды; үзіндік жұмысқа, барлық пәндерге қызығушылықпен қарайды; тапсырмаларды мұқият орындайды; сыныпта жоғары мәртебеге ие.

3) «Социометрия» әдісімен сыныптағы тұлғааралық қатынастарды зерттеу нәтижелерін талдау (автор Дж.Морено).

- Тұлғааралық қатынастарға қанағаттану деңгейі, өзара қарым-қатынас пен ұйымшылдық деңгейі орташадан жоғары. Оқушылар ұжымының мүшелері арасында жоғары беделге ие және оларға үлкен жанашырлық танытатын және сынып активіне ұсынылуы мүмкін балалар тобы анықталды.

Сыныптарда қабылданбаған балалар жоқ, сыныпта жағымды атмосфера бар екенін атап өтуге болады.

4) Оқушылардың мектепке бейімделу деңгейін анықтау мақсатында «Мектептегі сезім» атты сауалнамасын жүргізілді.

60% (3 оқушы) Өзіне деген сенімділік;

80% (4 оқушы) тыныштық пен күмән;

80% (4 оқушы) мектепке келуге деген қуаныш пен тілек;

40% (2 оқушы) Ризашылық пен шаршау;

0% болашақ үшін алаңдау және мазасыздық;

20% (1 оқушы) Мазасыздық пен тітіркену;

Жалпыға бірдей қуаныш сезімі барлық оқушыда байқалады (100%), оқушыларда жағымды эмоциялар басым.

Түзету-дамытушы сабақтар кезінде оқушылар белсенді, тату-тәтті, үздік болуға ниет білдіріп қатысты. Тренинг барысында жағымды жұмыс атмосферасын құрылды. Топ ережелерін оқушылар қатаң сақтанып отырды. Осылайша, психологиялық зерттеудің барлық деректерін талдай отырып, бесінші сынып оқушыларының бейімделуі қауіпсіз өтті деп қорытынды жасауға болады.

Балалар мектепте өздерін жайлы сезінеді, бірақ мектептегі мазасыздықты сезінеді. Оқу жылы ішінде оқуға қиындықтарға тап болған оқушылармен жұмыс жалғасатын болады.

Ұсынымдар

Мұғалімдерге:

- Баланың жеке және интеллектуалды өсуіне ықпал ететін қолайлы психологиялық жағдайлар жасау.
- Сабақтарда әр оқушы жетістікке жету үшін ынталандыра отырып, әр баламен жеке жұмыс жасауға назар аудару.

Сынып жетекшісіне:

- Мазасыздық деңгейі жоғары балаларға назар аударыңыз және оларға психологиялық қолдау көрсетіңіз;
- Баламен жиі сөйлесіп, оған шынайы қызығушылық танытыңыз. Бірақ егер ол қазіргі уақытта сөйлескісі келмесе, баладан жауап талап етпеңіз.
- Балалармен бірлескен іс-шараларды ұйымдастыру.

Ата-аналарға:

– Балаға мазасыздық пен өз күшіне күмәндануды жеңуге көмектесу-бұл өзін тыныш және сенімді сезінетін жағдай жасау. Бұл тек бейімделу мәселелеріне ғана қатысты емес. Баланың үйде қауіпсіздікті, қолдауды және түсінуді сезінуі маңызды, бұл жақын адамдар оны сол күйінде қабылдайды.

- Қажет болған жағдайда балаға тапсырманы орындауға көмектесіңіз, бірақ оның орнына жасамаңыз.
- Өзіңіз оптимистік болыңыз. Сіздің бет әлпетіңізді қадағалаңыз. Жиі күліңіз. Баланы бәрі жақсы болатынына сендіру.
- Мектеп пен отбасы бала үшін емес, бала үшін бар екенін есте сақтаңыз.

Қауіп-қатер тобымен жұмыс

17.02.2023-4.04.2023

Кеңес орта мектебінде қауіп-қатер тобы тізімінде тұрған оқушылар жоқ.
Дегенмен алдын алу жұмыстары әрдайым жүргізілуде.

Аудитория	Күні, іс-шара атауы	Мақсаты	Қатыс қандар саны	Сілтеме
Оқушылар	«Аялы алақан» тақырыбында тренинг	“Наурыз -көктем мекені!” атты мерекелік іс-шара жоспарына сәйкес наурыздың 14-і күні мектептің топ оқушыларымен “Аялы алақан” тақырыбында тренинг өтті. Мақсаты: Жалпыадамгершілік құндылықтарын ұғындыру, отбасы құндылықтарын, дәстүрлерін сезіне білу құндылықтарын кеңейту, сүйіспеншілік терін арттыру, өмір құндылықтарын құрметтейтін тұлға қалыптастыру.	15	https://www.facebook.com/100060459614495/posts/pfbid02U1dv8g9hLmfhCvSaEXxQ9ZHs4y4jBAwY4ijGqt7LeKgk97Ey2TVyjNmPB eVgBLc1l/?d=w&mibextid=tejx2t
	«Қауіпті жағдайлар. Сыпайы бас тарту»	9-12 наурыз аралығында СҚО облысында «Жасөспірім» жедел профилактикалық іс-шаралар ұйымдастырылуда. Осыған орай 9-сыныпта «Қауіпті жағдайлар. Сыпайы бас тарту» тақырыбында тренинг өтті. Мақсаты: оқушыларды өз пікірлерін қорғауға және қысымға қарсы тұруға үйрету; кездейсоқ адамдар ұсынған заттардан бас тарту қабілетін қалыптастыру; төтенше жағдайда шешім қабылдау қабілетін қалыптастыру.	8	https://www.facebook.com/100060459614495/posts/pfbid0rjuwSJTP84xbJRscPELq9rt9Mn5oj33nguCh5W4e6NxfZtEv9b21hLedwkaUY9ETl/?d=w&mibextid=tejx2t
	«Мен алғыс айтамын»	Алғыс айту күніне орай 5-7-сыныпта «Мен алғыс айтамын» тақырыбында тренинг өтті. Мақсаты: «Алғыс айту», «сыйластық», «құрмет» адамгершілік құндылықтары туралы түсініктерін кеңейту, үлкендерді сыйлауға, кішілерге қамқор болуға тәрбиелеу, сыныпта жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру.	12	https://www.facebook.com/100060459614495/posts/pfbid0PhDgqBSe2HaUqXN7owY1Z9CB5jJansqtUohic4vvzBseZT3xV539HuBJ3qW2ZMhtl/?d=w&mibextid=tejx2t

	«Мен өмірді сүйемін»	<p>Қазанның 9-ы сынып жетекшілер онкүндігі аясында мектебіміздің педагог-психологы 8-10 сынып оқушыларымен «Мен өмірді сүйемін» тақырыбында тренинг өткізді.</p> <p>Мақсаты: Өмірдің баға жетпес құндылық екенің түсіндіру, өмірде кездесетін мәселелер туралы психологиялық білім беру, олардың алдын алу. Адамның өмірі өз қолында екенін түсіндіріп, өмірді сүйуге дағдыландыру.</p>	15	https://www.facebook.com/100060459614495/posts/pfbid02q6a8n9fyE6uUzZD3PqieZAfpNRCN8f78RbdNSzX8xEq5rM8vEdqQkB3Wb1PTa5col/?d=w&mibextid=tejx2t
	«Тарихқа тағзым»	<p>Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесіне орай ұйымдастырылып жатқан іс - шара жоспары аясында Шежіре күніне орай «Тарихқа тағзым» тақырыбында 5-6 сынып оқушылары мектеп мұражайына саяхат жасады. Мақсаты: оқушыларды тарихи өлкетану мұражайымен таныстыру, оқушылардың танымдық қабілеттерін арттыру, туған өлке тарихына деген қызығушылығын қолдау және дамыту.</p>		https://www.facebook.com/permalink.php?story_fbid=pfbid0iYQhtLf13qyJE4zrhCdDCi89yRKWdiAhyrczoyoNCyCrEyNwycqjathSNXdzYTMI&id=100072647233320
	Көрісу күні	<p>Наурыз мейрамының бастауы деуге де болады. Адамның адаммен, жылдың жылмен көрісіп, қауышқан шағы бұл. Пенденің аузы аққа, мал аузы көкке тиген шақ. Наурыз - жаңару мейрамы.</p> <p>14 наурыз қазаққа көрісу күні, амал мерекесі. Бұл күні қазақ халқы бір-бірінің үйіне барып, өкпе-реніштерін ұмытып, бір-біріне жақсылық тілеп жатады. «Бір жасың құтты болсын!», «Амал мерекесі құтты болсын!» деп бірін-бірі құттықтайды.</p> <p>Осы мерекенің аясында Кеңес орта мектебінің оқушыларына бұл күннің шығу тарихы мен ерекшелігі туралы ақпарат беріліп, видеоролик көрсетілді.</p>		https://www.facebook.com/photo/?fbid=1437430207031594&set=a.125219224919372

Жасөспірімдер арасындағы аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу бойынша атқарылған жұмыстардың есебі

Аудитория	Күні, іс-шара атауы	Мақсаты	Қатысқандар саны	Сілтеме
Оқушылар	21.09.22ж. «Пікірталас – жанжал емес» тренинг	Аутодеструктивті мінез-құлықты алдын алу.	10-сынып	https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02eHWyAZuM6Q8z5eNAGPPmrKeBqkBBGS9YCEEyCYFUtrMcGai9GiYhd6fcXZEBsouel&id=100060459614495
	13.09.22 «Біз бәріміз теңбіз » тренинг	Мақсаты: оқушылардың құқықтық сана-сезімін қалыптастыру және дамыту ұйымшылдықпен тәртіптіліктің тиімді жолдарын үйрету, жауапкершілікті арттыру, адамгершілікке, елжандылыққа, құқықтық сауаттылыққа тәрбиелеу	6-сынып	https://kenesshsko.edu.kz/news/Biz_barimiz_tenbiz_takrybynda_trening_sabak.html
	18.10.22ж. «Мен өмірді сүйемін» тренинг	Жасөспірімдерге өмір құндылығын сезінуге, оған бейімділікке, бір-бірлерімен жақсы қарым-қатынаста болуларына шақыру, адамның өмірі өз қолында екендігін түсіндіріп, өмірді сүюге дағдыландыру.	11-сынып	https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid037ViJ5KaUxoPLtqGAJk2ine4qsuciYnKe6K3296szETdzoTVpBL398VSUheVg6nTfl&id=100060459614495
	17.11.22 ж. «Түнгі қаладағы балалар» рейд	жасөспірімдер арасындағы қылмыстың алдын алу және жолын кесу, балалар және жасөспірімдердің заңды өкілдерінсіз түнгі уақытта тұрғын үйден тыс орындарда болу фактілерін анықтау, олардың құқықтық сауаттылығын арттыру.	5-11 сынып	https://kenesshsko.edu.kz/news/Tung_i_kaladagy_balalar_atty_rejdtik_sharalar_ujymdastyrdy.html
	2.12.22 ж. Кәмелеттік жасқа толғандар арасында зорлық-зомбылықтың алдын алуда психологиялық қызметтің рөлі	оқушыларға зорлық-зомбылық туралы мағлұмат беру. Оқушыларға өзі жүрген орталарында мейірімді болуға, бұзақылық істерге бармауға, адами бойларындағы қасиеттерін сақтауға, әдепті де, тәртіпті тұлға болып өсуіне тәрбиелеу.	5-6 сынып тар	https://kenesshsko.edu.kz/news/Kamelettik_zhaska_tolgandar_arasyn_dazorlyk_zombylykty_naldyn_aluda_psihologiyalyk_kyzmettin_rol.html
	8.12.22ж.	кәмелеттік жасқа толмағандар	8-	https://kenesshsko.edu

	Мектеп қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы!" тақырыбында дебат сайысы	арасындағы зорлық-зомбылық туралы мағлұмат беру.Өздері жүрген орталарында мейірімді болуға, бұзақылық істерге бармауға,әдепті,тәртіпті тұлға болып қалыптасуына бағыт-бағдар беру	сынып	u.kz/news/Mektep_kat_ygezdik_pen_zorlykzombilykka_karsy_takirybynda_debat_sajysy.html
	9.12.22ж. Балалық шақ-зорлық-зомбылықсыз!" тақырыбында дөңгелек үстел	:кәмелеттік жасқа толмағандар арасындағы зорлық-зомбылық туралы мағлұмат беру.Өздері жүрген орталарында мейірімді болуға, бұзақылық істерге бармауға,әдепті,тәртіпті тұлға болып қалыптасуына бағыт-бағдар беру.	9-10 сынып тар	https://kenesshsko.ed.u.kz/news/Balalyk_shak_zorlykzombilyksyz_takirybynda_dongelek_ustel.html
	6.12.22 ж. "Зорлық-зомбылық қоғам қасіреті" сынып сағаты	оқушыларға толеранттылық туралы мағлұмат бере отырып,өздері жүрген орталарында мейірімді болуға,бұзақылық істерге бармауға,адами бойларындағы қасиеттерін сақтауға,әдепті де,тәртіпті де тұлға болып өсуіне жағдай жасау.	7-сынып	https://kenesshsko.ed.u.kz/news/Zorlykzombilyk_kogam_kasireti_20221208112047.html
Мұғалім дер	3.11.22ж Ұстаздарға аутодеструктивті мінез-құлықты алдын алу бойынша ұсыныстар	Оқушыны жеке тұлға ретінде қалыптастырудағы ата-ана мен ұстаздардың, қоршаған ортаның маңыздылығын көрсету. Мектеп ережелерін, жұмыс бағыттарын түсіндіре отырып аутодеструктивті мінез құлықтың алдын алу жұмыстарын ұйымдастыру барысында оқушы бойында қалыптасатын жеке тұлғалық қасиеттерге тоқталу.	20	https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02xAU4tu7RxoKJHVYSeWyBdEFX8H6mHUYqFyF2EPnRaKZjcXu213n2KJprj6fQNHRbl&id=100060459614495
Ата-аналар	2.11.22ж. «Жасөспірімдер арасында аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын-алу мәселелері» баяндама	Оқушылар арасындағы аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу мақсатында ата-ана мен ұстаздардың зор рол атқаратынын ашып көрсету. Ата-аналарға ақыл,кеңестер ұсыну.	15	https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02brrWgJAXWjpa8KnNHWCYRgsSBK8zFjHDq2ZuQHxqm9TZrb8Pa2AYP7SMxPh1a711&id=100060459614495
	4.11.22ж. «Жүрек жылуы» ата-аналар жиналысы	Мақсаты: Ата-ананың бала көңілін таба білуіне ой қозғау, тәрбие жайлы пікір бөлісу. Балаға рухани тәрбие берудегі отбасының рөлі	9	https://kenesshsko.ed.u.kz/news/ZHurek_zhylyuy.html

**«Мейірім керек адамға» атты мейірімділік апталығында жүргізілген
іс-шаралар есебі**

17.04.2023-21.04.2023

Аудитор ия	Күні, іс-шара атауы	Мақсаты	Қатыс қандар саны	Сілтеме
Оқушы лар	17.04.2023 «Кибербуллинг,бу ллингке жол жоқ!»	«Буллинг» сөзінің мағынасын ашу, жасөспірімдер арасындағы қорлау, мазақтау, намысқа тию жағдайларын алдын алу; Сынып ұжымын сыйластыққа, бір-біріне қолдау көрсете білуге тәрбиелеу. Сабақ барысында оқушылардан мектепте бопсалау фактілерін анықтау мақсатында сауалнама алынды.	10-11 сынып тар 16 оқушы	https://www.facebook.com/100060459614495/posts/pfbid02jPTQFbkR3FGmLndXpQnwQH7mBYxbZdh08zBeuYJCYTFaX6viYrZZ4k44Zt2ggKiWl/?d=w&mibextid=tejx2t
	18.04.2023 «Біз өзімізді буллинг және кибербуллингтен қалай қорғаймыз?» сынып сағаттары	Мақсаты: буллинг және кибербуллинг сөздерінің мағынасын ашу, жасөспірімдер арасындағы қорлау, мазақтау, намысқа тию жағдайларын алдын алу. Сынып ұжымын достыққа, сыйластыққа, мейірімділікке, бір-біріне қолдау көрсете білуге тәрбиелеу.	6- сынып 3 оқушы	https://www.facebook.com/100072647233320/posts/pfbid02nuZyH9i6KbCC3WEk3ptYvVRYCXSEobtE3gpjXYPTU9LtuKZwTYn4oBacxZTPtxBl/?d=w&mibextid=tejx2t
		Мақсаты: "буллинг", "кибербуллинг" сөздерінің мағынасын түсіндіру; жасөспірімдер арасындағы қорлау, мазақтау, намысқа тию жағдайларының алдын алу; сынып ұжымын сыйластыққа, бір-біріне қолдау көрсете білуге тәрбиелеу	11- сынып 8 оқушы	https://www.facebook.com/100072647233320/posts/pfbid09tpvxXnQnxgDCiJtHJPLqnKgSQgxuw1EZmrjgd89QZbcFhSs75XGryUGBntb7iTYl/?d=w&mibextid=tejx2t
		Мақсаты: "Буллинг" сөзінің мағынасын ашу, танысу. Жасөспірімдер арасындағы қорлау, мадақтау, намысқа тию жағдайын алдын алу.	1-4 сынып тар 17 оқушы	https://www.facebook.com/photo/?fbid=931030151429793&set=pcb.931030181429790
		Мақсаты: қоғамда орын алып жатқан жасөспірімдер арасындағы қорлау, мазақтау, намысқа тию секілді жағдайлардың алдын алу,	9- сынып 7	https://www.facebook.com/100072647233320/posts/pfbid02qBH2NoZPmxbSVTpfzs

		оқушылардың буллинг және кибербуллинг туралы жалпы түсінігін қалыптастыру арқылы жауапкершілігін арттыру, өзара сыйластық қарым-қатынасын орнату.	оқушы	wuQGBfZuCfTc1CSsjfEkpZhZgebAPV6mokpMBS722hNv5MI/?d=w&mibextid=tejx2t
		Мақсаты: буллинг және кибербуллинг жайында ақпаратпен таныстыру; балалардың өз ойларын еркін айтуға жаттықтыру; адамдармен жақсы қарым-қатынас жасауға үйрету; жасөспірімдер арасында қорлау, мазақтау, намысқа тию жағдайларының алдын алу.	10-сынып 6 оқушы	https://www.facebook.com/100072647233320/posts/pfbid0XLQJxJx68vArQEW1KAAaDkpaBkKNWpi38TMc9pHAb2F7qHYC1KosZAicSA5yZy9PI/?d=w&mibextid=tejx2t
	20.04.2023 «Мейірімділік жүректен» тренинг	Мақсаты: оқушыларды мейірімділікке, достыққа, адамгершілікке, әдептілікке тәрбиелеу. Сыныпта жағымды психологиялық ахуал орнату.		https://www.facebook.com/100060459614495/posts/pfbid0icnn9vxkmUa5SR4TeWdKn9XxbcLXpXJKkRZh8Xhv58PNXj11XftBuAttDnkbzeaQI/?d=w&mibextid=tejx2t